

Бағалы қағаздар нарығында брокерлік және дилерлік қызметті жүзеге асыратын ұйымдардың қаржылық есеп беру тізбесі, нысандары және ұсыну мерзімдері туралы нұсқаулықты бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2004 жылғы 15 желтоқсандағы N 178 қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2005 жылғы 20 қаңтарда тіркелді. Тіркеу N 3373. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2009 жылғы 25 мамырдағы N 49 қаулысымен.

Күші жойылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2009.05.25 N 49 қаулысымен.

Ескерту. Тақырыпқа өзгерту енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі басқармасының 2007.04.30. N 44 (мемлекеттік тіркелген күннен бастап он төрт күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің нормативтік құқықтық актілерін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес келтіру мақсатында, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. Қоса беріліп отырған Бағалы қағаздар нарығында брокерлік және дилерлік қызметті жүзеге асыратын ұйымдардың қаржылық есеп беру тізбесі, нысандары және ұсыну мерзімдері туралы нұсқаулық бекітілсін.

Ескерту. 1-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі басқармасының 2007.04.30. N 44 (мемлекеттік тіркелген күннен бастап он төрт күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

2. Осы қаулы қолданысқа енгізілген күннен бастап "Бағалы қағаздар рыногында брокерлік-дилерлік қызметті жүзеге асыратын ұйымдардың қаржылық есеп беру тізбесі, нысандары және ұсыну мерзімдері туралы нұсқаулықты бекіту туралы және Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде N 238 тіркелген Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясының "Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар рыногының кәсіби қатысушыларының есеп беру тәртібі туралы" нұсқаулықты бекіту жөнінде" 1996 жылғы 22 қазандағы N 118 қаулысына және Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде N 2124 тіркелген Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының "Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар рыногында брокерлік және дилерлік қызметті жүзеге асыруға лицензиялары бар ұйымдардың есеп беру ережесін бекіту туралы" 2002 жылғы

18 желтоқсандағы N 486 қаулысына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу және қадағалау агенттігі және Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармаларының 2004 жылғы 12 сәуірдегі N 116 және 2004 жылғы 12 сәуірдегі N 55 бірлескен қаулыларының (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 2854 тіркелген, 2004 жылғы 29 мамырда " Казахстанская правда" N 117-118 және "Егемен Қазақстан" N 138 газеттерінде жарияланған) 1-тармағының күші жойылды деп танылсын.

3. Осы қаулы 2005 жылғы 1 ақпаннан бастап қолданысқа енгізіледі.

4. Бухгалтерлік есеп департаменті (Шалғымбаева Н.Т.):

1) Заң департаментімен (Шәріпов С.Б.) бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізу шараларын қабылдасын;

2) осы қаулы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап он күндік мерзімде оны Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі орталық аппаратының мүдделі бөлімшелеріне, бағалы қағаздар нарығында брокерлік-дилерлік қызметті жүзеге асыратын ұйымдарға, Қазақстан Республикасының Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу және қадағалау агенттігіне және Қазақстан қаржыгерлерінің қауымдастығына жіберсін.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары Н.Қ.Абдулинаға жүктелсін.

Ұ л т т ы қ Б а н к

Төраға

" К е л і с і л д і "

Қазақстан Республикасының
Қаржы рыногын және қаржы
ұйымдарын реттеу мен қадағалау
агенттігінің Төрағасы

2004 жылғы " ____ " _____

Қазақстан Республикасының
Ұлттық Банкі Басқармасының
2004 жылғы 15 желтоқсандағы
N 178 қаулысымен бекітілген

**Бағалы қағаздар нарығында брокерлік және дилерлік
қызметті жүзеге асыратын ұйымдардың қаржылық есеп беру тізбесі, нысандары
және ұсыну мерзімдері туралы
нұсқаулық**

Ескерту. Тақырыпқа өзгерту енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі басқармасының 2007.04.30. N 44 (мемлекеттік тіркелген күннен бастап он төрт күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Нұсқаулық " Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы " 1995 жылғы 30 наурыздағы, " Бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы" 2007 жылғы 28 ақпандағы, " Бағалы қағаздар рыногы туралы " 2003 жылғы 2 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңдарына, сондай-ақ Қазақстан Республикасының басқа да нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес әзірленді.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі басқармасының 2008.08.22. N 70 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-тармақтан қараңыз) Қаулысымен.

2. Осы Нұсқаулық қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалауды жүзеге асыратын уәкілетті мемлекеттік органда (бұдан әрі - уәкілетті орган) брокерлік және дилерлік қызметті жүзеге асыратын ұйымдардың (бұдан әрі - брокерлер және дилерлер) жылдықты қоспағанда, қаржылық есептілік беру тізбесін, нысандарын және ұсыну мерзімдерін белгілейді.

Ескерту. 2-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі басқармасының 2007.04.30. N 44 (мемлекеттік тіркелген күннен бастап он төрт күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

3. Осы Нұсқаулық екінші деңгейдегі банктерге, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне, қаржылық агенттіктерге, зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымдарға, инвестициялық портфельді басқарушыларға және Ұлттық почта операторына қолданылмайды.

3-1. Брокер-дилерлердің қаржылық есептілігі Қазақстан Республикасының заңнамасында, халықаралық қаржылық есептілік стандарттарында және осы Нұсқаулықта белгіленген тәртіппен жасалады.

Ескерту. 3-1-тармақпен толықтырылсын - ҚР Ұлттық Банкі басқармасының 2008.08.22. N 70 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-тармақтан қараңыз) Қаулысымен.

2-тарау. Қаржылық есепті ұсыну

4. Брокерлер-дилерлер, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын нақтылы ұстаушы ретінде клиенттің шоттарын жүргізу құқығы бар брокер-дилерлерді қоспағанда, тоқсан сайын, есептік тоқсаннан кейінгі айдың бесінші жұмыс күні Астана қаласының уақытымен 18.00 сағаттан кешіктірмей мынадай қаржылық есепті ұсынады:

1) 1-нысан бойынша жасалған бухгалтерлік баланс (осы Нұсқаулықтың 1-қосымшасы);

2) 2-нысан бойынша жасалған пайдалар мен зияндар туралы есеп (осы

Нұсқаулықтың 2 - қосымшасы).

Ескерту. 4-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі басқармасының 2007.04.30. N 44 (мемлекеттік тіркелген күннен бастап он төрт күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

4-1. Ай сайын, есепті айдан кейінгі айдың бесінші жұмыс күні Астана қаласының уақыты бойынша 18.00 сағаттан кешіктірмей, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын нақтылы ұстаушы ретінде клиенттің шоттарын жүргізу құқығы бар брокер-дилерлер мынадай қаржылық есептілікті ұ с ы н а д ы :

1) 1-нысан бойынша жасалған бухгалтерлік баланс (осы Нұсқаулықтың 1-қ о с ы м ш а с ы) ;

2) 2-нысан бойынша жасалған пайдалар мен зияндар туралы есеп (осы Нұсқаулықтың 2 - қ о с ы м ш а с ы).

Ескерту. 4-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі басқармасының 2007.04.30. N 44 (мемлекеттік тіркелген күннен бастап он төрт күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

5. Қаржылық есепте деректер Қазақстан Республикасының ұлттық валютасы - казакстандық теңгемен көрсетіледі.

6. Қаржылық есепті жасағанда пайдаланылатын өлшем бірлігі мың казакстандық теңгемен белгіленеді. Қаржылық есептегі бес жүз казакстандық теңгеден аз сома нольге дейін дөңгелектенеді, ал бес жүз казакстандық теңгеге тең және одан жоғары сома мың казакстандық теңгеге дейін дөңгелектенеді.

7 . а л ы н ы п т а с т а л д ы

Ескерту. 7-тармақ алынып тасталды - ҚР Ұлттық Банкі басқармасының 2007 жылғы 19 наурыздағы N 27 (2007 жылғы 1 шілдеден бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

8 . а л ы н ы п т а с т а л д ы

Ескерту. 8-тармақ алынып тасталды - ҚР Ұлттық Банкі басқармасының 2007 жылғы 19 наурыздағы N 27 (2007 жылғы 1 шілдеден бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

9. Брокер-дилерлер уәкілетті органға қаржылық есепті ұсынылатын деректердің конфиденциалдылығын және түзетілмейтіндігін қамтамасыз ететін криптографиялық қорғау құралдарымен ақпаратты кепілдік бере отырып жеткізудің көліктік жүйесін пайдалана отырып электрондық тасымалдауышта ұ с ы н а д ы .

Ескерту. 9-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі басқармасының 2007 жылғы 19 наурыздағы N 27 (2007 жылғы 1 шілдеден бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

10. алынып тасталды

Ескерту. 10-тармақ алынып тасталды - ҚР Ұлттық Банкі басқармасының 2007 жылғы 19 наурыздағы N 27 (2007 жылғы 1 шілдеден бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

10-1. Тоқсан сайын жасалатын қағаздағы қаржылық есепке бірінші басшы немесе оның орнындағы тұлға және бас бухгалтер қол қояды, мөрмен бекітіледі және брокер-дилерде сақталады. Брокер-дилер уәкілетті органның талабы бойынша жазбаша сұратуды алған күннен бастап екі жұмыс күнінен кешіктірмей түзетулері жоқ қаржылық есепті қағазда ұсынады.

Ескерту. 10-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі басқармасының 2007 жылғы 19 наурыздағы N 27 (2007 жылғы 1 шілдеден бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

10-2. Электрондық тасымалдауышта ұсынылған қаржылық есеп қағаздағы қаржылық есепке сәйкес келуі тиіс. Электрондық тасымалдауышта ұсынылатын деректердің қағаздағы деректермен бірдей болуын брокер-дилердің бірінші басшысы немесе оның орнындағы тұлға қамтамасыз етеді.

Ескерту. 10-2-тармақпен толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі басқармасының 2007 жылғы 19 наурыздағы N 27 (2007 жылғы 1 шілдеден бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

11. алынып тасталды

Ескерту. 11-тармақ алынып тасталды - ҚР Ұлттық Банкі басқармасының 2007 жылғы 19 наурыздағы N 27 (2007 жылғы 1 шілдеден бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

12. Брокер-дилер ұсынған қаржылық есептен уәкілетті орган дәлсіздіктер немесе қателер анықтаса брокер-дилерге бұл жөнінде хабарлайды. Брокер-дилер хабарлама алған күннен бастап бір жұмыс күнінен кешіктірмей ескертулері ескеріле отырып пысықталған қаржылық есепті электрондық тасымалдауышта ұсынады.

Ескерту. 12-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі басқармасының 2007 жылғы 19 наурыздағы N 27 (2007 жылғы 1 шілдеден бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

13. алынып тасталды

Ескерту. 11-тармақ алынып тасталды - ҚР Ұлттық Банкі басқармасының 2007 жылғы 19 наурыздағы N 27 (2007 жылғы 1 шілдеден бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

14. Қаржылық есепті уақтылы бермеу, бермеу немесе қаржылық есепте күмәнді мәліметтер беру Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген жауапкершілікке әкеп соғады.

3-тарау. Қорытынды ережелер

15. Осы Нұсқаулықта реттелмеген мәселелер Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңнамасында белгіленген тәртіппен шешіледі.

Бағалы қағаздар нарығында
брокерлік және дилерлік қызметті
жүзеге асыратын ұйымдардың
қаржылық есеп беру тізбесі,
нысандары және ұсыну
мерзімдері туралы

нұсқаулыққа 1-қосымша

Ескерту. 1-қосымшаға өзгерту енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі басқармасының 2007.04.30. N 44 (мемлекеттік тіркелген күннен бастап он төрт күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі), 2008.08.22. N 70 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-тармақтан қараңыз) Қаулыларымен.

1-нысан

(бағалы қағаздар нарығында брокерлік және дилерлік
қызметті жүзеге асыратын ұйымның толық атауы)

200_ жылғы "___" _____ жағдай бойынша

бухгалтерлік балансы

(мың қазақстандық теңгемен)

Баптардың атауы	Ескерту	есептік кезеңнің аяғында	өткен жылдың аяғында
1	2	3	4
Активтер			
Негізгі құрал-жабдықтар (амортизацияны шегергенде)			
Материалдық емес активтер (амортизацияны шегергенде)			
Сатуға арналған ұзақ мерзімді активтер			
Инвестициялық жылжымайтын мүлік			
Басқа заңды тұлғалардың капиталына инвестициялар			
Берілген ұзақ мерзімді (күмәнді борыштар бойынша) заемдар резервтерді шегергенде)			
Ұзақ мерзімді дебиторлық берешек (ықтимал ысырапқа арналған резервтерді шегергенде)			

Өтелгенге дейін ұсталатын бағалы қағаздар (ықтимал шығындарға арналған резервтерді шегергенде)			
Сатуға арналған қолда бар бағалы қағаздар (ықтимал ысырапқа арналған резервтерді шегергенде)			
Мерзімі ұзартылған салықтық талап			
Берілген аванстар			
Басқа да активтер			
Қорлар			
Салықтар және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер бойынша бюджетке қойылатын талаптар			
Алдағы кезеңдердің шығыстары			
Берілген қысқа мерзімді заемдар (күмәнді борыштар бойынша резервтерді шегергенде)			
Басқа да дебиторлық берешек (ықтимал ысырапқа арналған резервтерді шегергенде)			
"Кері РЕПО" операциясы			
Туынды қаржы құралдары			
Сауда бағалы қағаздары			
Орналастырылған салымдар (ықтимал ысырапқа арналған резервтерді шегергенде)			
Ақша және ақша баламалары			
оның ішінде:			
кассадағы қолма-қол ақша			
банктердің шоттарындағы ақша			
Активтердің жиынтығы:			
Капитал			
Жарғылық капитал			
С ы й л ы қ а қ ы л а р (қосымша төленген капитал)			
Алынған капитал			
Резервтік капитал			

Басқа да резервтер			
Бөлінбеген пайда (өтелмеген шығын)			
оның ішінде:			
өткен жылдардағы			
есепті кезеңдегі			
Капитал жиынтығы:			
Азшылық үлесі			
Міндеттемелер			
Ұзақ мерзімді алынған заемдар			
оның ішінде:			
қаржылық жалдау			
Ұзақ мерзімді кредиторлық берешек			
Ұзақ мерзімді бағалау міндеттемелері			
Шығарылған борыштық бағалы қағаздар			
Мерзімі ұзартылған салықтық міндеттеме			
Алдағы кезеңдегі кірістер			
Алынған аванстар			
Акционерлермен акциялар жөнінде есеп айырысу бойынша есептелген шығыстар			
Қызметкерлермен есеп айырысу бойынша есептелген шығыстар			
Салықтар және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер бойынша бюджет алдындағы міндеттеме			
Қысқа мерзімді кредиторлық берешек			
Қысқа мерзімді бағалау міндеттемелері			
Қысқа мерзімді алынған заемдар			
"РЕПО" операциясы			
Туынды қаржы құралдары			
Басқа да міндеттемелер			
Міндеттемелер жиынтығы:			

Бірінші басшы: _____ күні _____
 Бас бухгалтер _____ күні _____
 Орындаушы: _____ күні _____
 Телефоны: _____

Мөрдiң орны

Бағалы қағаздар нарығында
 брокерлік және дилерлік қызметті
 жүзеге асыратын ұйымдардың
 қаржылық есеп беру тізбесі,
 нысандары және ұсыну
 мерзімдері туралы

нұсқаулыққа 2-қосымша

Ескерту. 2-қосымшаға өзгерту енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі басқармасының 2007.04.30. N 44 (мемлекеттік тіркелген күннен бастап он төрт күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

2-нысан

(бағалы қағаздарды ұстаушылар тізілімдерінің жүйесін жүргізу бойынша қызметті жүзеге асыратын ұйымның толық атауы)

200_ жылғы "___" _____ жағдай бойынша

пайдалар мен зияндар туралы есебі

(мың қазақстандық теңгемен)

Баптардың атауы	Ес-кер-ту	Есеп-тік кезеңде	Ағымдағы жылдың басынан бастап кезең ішінде (өспелі жиынтығымен)	Өткен жылдың осындай кезеңінде	Өткен жылдың осындай кезеңінде (өспелі жиынтығымен)
1	2	3	4	5	6
Негізгі қызметтен сыйақы түріндегі кірістер					
Ағымдағы шоттар және орналастырылған салымдар бойынша сыйақы түріндегі кірістер					
Сатып алынған бағалы қағаздар бойынша сыйақы					

(купон және/немесе дисконт) түріндегі кірістер					
Бағалы қағаздарды сатып алу-сатудан түскен кірістер (шығындар) (нетто)					
Сауда бағалы қағаздары құнының өзгеруінен кірістер (шығындар) (нетто)					
"Кері РЕПО" операциялары бойынша кірістер					
Шетел валютасын қайта бағалаудан кірістер (шығындар) (нетто)					
Қаржылық емес активтерді сатудан және активтерді алудан кірістер					
Басқа да кірістер					
Кірістер жиынтығы					
Комиссиялық шығыстар					
Сатып алынған бағалы қағаздар бойынша сыйақы (сыйлықақылар) түріндегі шығыстар					
Шығарылған бағалы қағаздар бойынша сыйақы түріндегі шығыстар					
"РЕПО" операциялары бойынша шығыстар					
Алынған заемдар және қаржылық жалдау бойынша сыйақы түріндегі шығыстар					
Жалпы әкімшілік шығыстар					
оның ішінде:					
еңбекақы төлеу және іссапар шығыстары					
амортизациялық аударымдар және тозу					
ағымдағы жалдау бойынша шығыстар					

бюджетке салықтар және басқа міндетті төлемдер төлеу бойынша шығыстар (корпоративтік табыс салығынан басқасы)					
Қаржылық емес активтерді сатудан және активтерді өткізуден түскен шығыстар					
Басқа да шығыстар					
Шығыстар жиынтығы					
Резервтерге (провизияларға) аударылғанға дейінгі пайда (шығын)					
Операциялар бойынша ықтимал шығындарға арналған резервтер (резервтерді қалпына келтіру)					
Басқа заңды тұлғалардың капиталына қатысудан кіріс					
Кезеңдегі пайда (зиян)					
Тоқтатылған қызметтен пайда (зиян)					
Салық салынғанға дейінгі пайда (шығын)					
Корпоративтік табыс салығы					
Салық салынғаннан кейінгі таза пайда (шығын)					
Азшылық үлес					
Кезең ішіндегі таза пайда (шығын)					

Бірінші басшы: _____ күні _____
Бас бухгалтер _____ күні _____
Орындаушы: _____ күні _____
Телефоны: _____

Мөрдiң орны

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК